



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі***2023 жылғы 13 қаңтардағы № ДС-11*

Барлық сайлау учаскелерінде дауыс беру барысына бейнемониторинг енгізуге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның (бұдан әрі - Конституциялық заң) 8-бабына сәйкес Республика Президентін, Парламенттің және мәслихаттардың депутаттарын, әкімді, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауда жасырын дауыс беріледі әрі сайлаушылардың еркін білдіруіне қандай да болсын бақылау жасау мүмкіндігіне жол берілмейді.

Сайлау учаскелерінде онлайн-трансляция функциясымен жабдықталған бейнебақылау камераларын орнату мәселесін Конституциялық заңда белгіленген дауыс беру құпиясы қағидатын сақтау тұрғысынан қарау қажет.

Бейнебақылау камераларын адамдарды автоматты түрде тану жүйесімен жабдықтау бөлігінде «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңға сәйкес биометриялық деректер – дербес деректер субъектісінің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын дербес деректер, олардың негізінде осы субъектінің жеке басын анықтауға болатын ескеру қажет.

Жоғарыда аталған Заңның 7-бабының 3-тармағына сәйкес субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімі болған кезде дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде таратуға жол берілетіні регламенттеледі.

Сондай-ақ техникалық мүмкіндіктер, бүкіл ел бойынша, әсіресе ауылдық елді мекендерде интернеттің сапасы мен қамтылуы жеткіліксіз екенін, сондай-ақ оларды сыртқы әсерлерден қорғау мақсатында байланыс беру арналарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін атап өту (*хакерлік шабуылдардан, желіге заңсыз енуден және т.б.*) қажет.

Бұдан басқа, сайлау өткізу процесі тұрақты сипата емес, ауық-ауық өткізіледі.

Осыған байланысты бейнежабдықтарды сатып алудың экономикалық тиімсіздігі мен орынсыздығын атап өтеміз, өйткені барлық сайлау учаскелерін

бейнекамералармен жарақтандыру республикалық бюджеттен қомақты бюджет қаражатын бөлуді талап етеді.

Бухгалтерлік есеп талаптарына сәйкес бейнекамералар негізгі құралдарға жатады, тиісінше, оларды ұйымдардың балансында есепке алу және кейіннен сақтау қажет. Әрбір сайлау кезеңінде оларды орнату және қайта жинақтау шығындарды қажет етеді.

Сонымен бірге сайлау учаскелері көбіне Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа (*Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен бекітілген*) сәйкес бейнебақылаумен жарақтандырылған білім беру мекемелерінде орналастырылады.

Сонымен қатар Конституциялық заңының 20-1-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы саяси партияларының, өзге де аккредиттелген қоғамдық бірлестіктерінің, коммерциялық емес ұйымдарының байқаушылары дауыс беру барысына және оның қорытындыларын шығаруға кедергі жасамай, фотожазба, дыбысжазба және бейнежазба жасауға құқылы.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қолданыстағы заңнама дауыс беру барысын бейнетіркеу мүмкіндігін жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етеді деп санаймыз.

Сондай-ақ дауыс беру учаскелерінен онлайн-трансляцияларды қолданған бірқатар елдер оның осалдығына байланысты (*Аустралия, Ұлыбритания, Канада, Швейцария, Нидерланды, АҚШ және т.б.*) бұл тәжірибеден бас тартуға мәжбүр болған халықаралық тәжірибені қарастыру өзекті болып отыр.

Ә. Смайылов